

БҰЙРЫҚ

2023 жылғы 01 қыркүйек
Шымкент қаласы

ПРИКАЗ

№ 232
город Шымкент

**БЖБ мен ТЖБ жұмысын
жүргізу туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына сәйкес, Қазақстан Республикасының «Орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2022-2023 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқауhat негізінде
БҰЙЫРАМЫН:

1. 2023-2024 оқу жылында 2-11 сыныптарда БЖБ тоқсанына үш реттен артық өткізілмейтіні, бір күнде үш ТЖБ-дан артық алынбайтыны, ТЖБ соңғы күнге қойылмайтыны, БЖБ 1-4 сыныптарда 7-15 балдан, 5-11 сыныптарда 7-20 балдан артық болмауы жөнінде 2-11 сыныптарда БЖБ мен ТЖБ жұмыстарын пән мұғалімдерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспары бойынша түзілген кестеге сәйкес алу жөнінде мектептің пән мұғалімдеріне түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, алынсын.

2. Тоқсандық жиынтық бағалау алу үшін кесте түзіліп, жиынтық бағалау модерациясы дер кезінде жүргізілуіне директордың әдістеме жұмысы жөніндегі орынбасары Ж. О. Еспембетова, пән әдістеме бірлестік жетекшілері Г.Ж. Жубаева, С.К. Байтукова, А.С. Матеева, А.А. Джамиева, А.К. Адилбаева, К.Э. Ирисметова, Ж.Л. Даниярова жауапты болып бекітілсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау және қадағалау директордың әдістеме жұмысы жөніндегі орынбасары Ж. О. Еспембетоваға жүктелсін.

Мектеп директоры



К. С. Жарасова